
Xiaomi IP камерасы
MI Home Secutity Camera 360° 2K Pro WiFi

Бұйымның сипаттамасы

Пайдаланудан бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтап қойыңыз, ол кейін қажет болуы мүмкін.
Бұл камераның фирмалық тақташасы оның төменгі бөлігінде орналасқан.




Жеткізілім жиынтығы: 360° Mi 2K Pro үйге арналған бейнебақылау IP камерасы, қуат адаптері, зарядтау кәбілі, қабырғаға монтаждау жиынтығы, пайдаланушыға арналған нұсқаулық

Орнату


360° Mi 2K Pro үйге арналған бейнебақылау IP камерасын жазу үстелі, тамақ ішетін үстел немесе журнал үстелі сияқты әртүрлі көлденең беттерге орнатуға болады. Оны қабырғаға да орнатуға болады.

Камераны қабырғаға монтаждау:


1. Алдымен электр қуат көзіне арналған тіреуіштің монтаждау тесіктеріне арналған орындарды қарындаштың көмегімен белгілеңіз, сонан кейін белгіленген орындарда екі тесікті бұрғылап тесіңіз. Әрбір тесіктің диаметрі шамамен 6 мм, ал тереңдігі шамамен 30 мм болуы керек.



2. Тесілген әрбір тесікке пластик дюбельді салыңыз.



3. Электр қуат көзіне арналған тіреуішті алға бағытталған меңзерлермен орналастырып, тесіктерді сәйкестендіріңіз. Бұрандалы шегелерді салыңыз, сонан соң оларды айқыш бұрағыштың көмегімен дюбельдерге тартыңыз.



4. Камераның төменгі бөлігіндегі ойықтарды электр қуат көзіне арналған тіреуіштің шығыңқы бөлігімен сәйкестендіріңіз, сонан соң оны орнына бекітілгенше сағат тілінің бағыты бойынша бұраңыз.




⚠ Ескертпелер:

1. Қабырға камераның жалпы салмағынан кемінде үш есе көп салмақты көтеруі тиіс.
2. Ықтимал жарақаттарды болдырмау үшін камера төбеге немесе қабырғаға орнату жөніндегі нұсқауларға сәйкес сенімді түрде бекітілуі тиіс.


Инструкция

- MicroSD картасын орнату
  Камера өшірулі екенін тексеріңіз. MicroSD картасына арналған слотты ашу үшін объективті жоғарыға басыңыз. MicroSD картасын карта слотына оның жанасу нүктелерін төменге бағыттап салыңыз.

  Ескертпе. MicroSD картасын орнатудан немесе шығарудан бұрын камераны қуат көзінен ажыратыңыз. Білікті жеткізуші жасаған түпнұсқалық MicroSD картасын (32 ГБ дейін) пайдаланыңыз. Оқу/жазу жылдамдығы U1 / Class 10 көрсеткішінен кем болмайтын картаны пайдалану ұсынылады.



- Камераны қосу
  Зарядтау кәбілін артқы тақтадағы Micro USB портына жалғаңыз, камера автоматты түрде қосылады және индикатор қызғылт сары түспен жылдам жыпылықтай бастайды.



Ескертпе. Камера жұмыс істеп тұрғанда камераның объективін бұрмаңыз және айналдырмаңыз. Объективтің күйі дәл емес болса, оны Mi Home/Xiaomi Home қосымшасында калибрлеңіз.

- Индикатор
  Көк: камера сәтті қосылды/дұрыс жұмыс істеп тұр.
  Жыпылықтайтын көк: желі қатесі.
  Жылдам жыпылықтайтын қызғылт сары: қосылу күтілуде.
  Баяу жыпылықтайтын қызғылт сары: жаңартылуда.

Mi Home/Xiaomi Home қосымшасына қосылыңыз

Өнім Mi Home/Xiaomi Home қосымшасымен жұмыс істейді*. Бұл қосымшада құрылғыңызды басқарыңыз және үйдегі басқа құрылғылармен өзара әрекеттесіңіз. Қосымшаны жүктеп алу және орнату үшін QR кодын сканерлеңіз.

Егер қосымша орнатылса, қосылымды реттеу бетіне өтесіз. Немесе қосымшаны жүктеп алу және орнату үшін App Store қызметінде "Mi Home/Xiaomi Home" сұрауы арқылы іздеңіз.

Mi Home/Xiaomi Home қосымшасын ашыңыз, оң жақ жоғарғы бұрыштағы "+" белгісін басыңыз және құрылғыны қосу жөніндегі нұсқауларды орындаңыз.

* Еуропада қосымша "Xiaomi Home" деп аталады (Ресейді қоспағанда). Құрылғыңызда көрінетін қосымшаның атауы әдепкі бойынша қабылдануы тиіс.

Ескертпе. Қосымшаның нұсқасы жаңартылған болуы мүмкін. Қосымшаның ағымдағы нұсқасына арналған нұсқауларды орындаңыз.

Қосылу кезінде камераның қосылғанын және қосылымның тұрақты болуын тексеріңіз. Қосылым күтілген кезде индикатор қызғылт сары түспен жылдам жыпылықтайды және камера сәтті қосылғаннан кейін көк түске өзгереді.

- Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру

Камера қосылған желіні немесе камера қосылған Mi аккаунтын өзгерту қажет болса, зауыттық параметрлерді қалпына келтіру үшін түйреуіштің көмегімен қайта орнату түймесін шамамен бес секунд басып тұрыңыз. Сонан соң желі мен қосымшаны камераға қайта қосыңыз. Ескертпе. Зауыттық параметрлер қалпына келтірілгенде MicroSD картасының ішіндегілер жойылмайды.

Нақты уақыт режимінде бақылау

Қосымшада бақылауларды нақты уақыт режимінде қарауға, кескіннің айқындығын реттеуге, көлденең және тік бұрыштарды реттеуге, қамтуға және жазуға және қоңырау шалуға болады.

Инфрақызыл түнгі көрініс


Жарықтың өзгеруіне байланысты түнде камера түнгі көрініс режиміне автоматты түрде ауыса алады. Камера түнде 9 метрге дейінгі қашықтықта көре алатын инфрақызыл түнгі аспаптармен жабдықталған, бұл оған қараңғыда видеоны анық түсіруге мүмкіндік береді.

Көрсету

- Камерадан көрсету функциясы үйлесімді MicroSD картасы орнатылған жағдайда ғана қолжетімді болады.
- MicroSD картасы орнатылғаннан және камера қосылғаннан кейін видеоны жазу автоматты түрде басталады. Қосымшада көрсету түймесін басыңыз, сонан соң көрсеткіңіз келген уақыт аралығын таңдау үшін уақыт шкаласын жылжытыңыз. Қолдау көрсетілетін көрсетудің максимал жылдамдығы 16х болады.

Үйдегі бақылау бойынша көмекші

- Үйдегі бақылау бойынша көмекші қосылса, адамның қозғалысы және өзгерістер байқалса, камера бақыланатын аумақта нақты уақыт режимінде видео жазады. Мұндай жағдайда қосымшада push хабарландыруын аласыз.
- Қосымшада автоматты түрде бақылау функциясын қосуға немесе ажыратуға болады.
- Тәуліктік, күндізгі, түнгі немесе қалыпты бақылау кезеңін, хабарландыру сезімталдығын және хабарландыру уақытының аралықтарын және т.б. орната аласыз.




Видео алмасу

Камераны басқалармен бөлісу үшін, қосымшада реттеулер мәзірінде құрылғыны ортақ пайдалану опциясын таңдай аласыз. Сіз камераға қолжетімділікті беретін пайдаланушылар көру мүмкіндігіне ие болу үшін Mi Home/Xiaomi Home қосымшасын жүктеп алуы және Mi аккаунтына кіруі керек.

Объективті физикалық блоктау

Жазу қажет болмаса, объективті физикалық блоктау функциясын қосу үшін қосымшада « ⊘ » түймесін басыңыз. Пайдаланушының құпиялылығын сақтау үшін камера объективті ол камераның өзінің корпусымен жабылатындай етіп автоматты түрде реттейді.



Ескертпе. Пайдаланушыға арналған нұсқаулықтағы бұйымның, құрама бөлшектердің және пайдаланушы интерфейсінің суреттері тек танысу мақсаттарында берілген. Аспаптың нақты сипаттамалары және оның функциялары өнімді жақсартуға байланысты өзгеруі мүмкін.

Сақтық шаралары

- Бұл камера –10 °C және 40 °C аралығындағы температуралар ауқымында жұмыс істейді. Температура бұл ауқымнан тыс болған бөлмелерде камераны пайдаланбаңыз.
- Бақылау камерасы дәл электрондық аспап болып табылады. Ол дұрыс жұмыс істеуі үшін оны ылғалдық деңгейі жоғары бөлмелерде пайдаланбаңыз және оған су тигізбеңіз.
- Камера жақсырақ жұмыс істеуі үшін объективті шағылыстыратын беттерге (мысалы, шыны терезелер немесе есіктер және ақ түсті қабырғалар) қарама-қарсы немесе олардың жанына орнатпаңыз. Әйтпесе камераға жақын аумақтардағы кескін тым ашық және алыс аумақтардағы кескін күңгірт болуы немесе кескін толығымен жарықтануы мүмкін.
- Камера орнатылған аумақта Wi-Fi сигналы күшті болуын тексеріңіз. Камераны Wi-Fi сигналына әсер етуі мүмкін металл заттар, қысқа толқынды пеш сияқты нысандардың жанына орналастырмаңыз.
- Әдеттегі пайдалану жағдайларында бұл жабдықтың антеннасы мен пайдаланушының денесінің арасындағы қашықтық кемінде 20 см болуы қажет.

Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік пен пайдалану мерзімдері құрылғының қаптамасында көрсетілген.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары

- Құрылғыны монтаждау ережелері мен шарттары осы нұсқаулықтың «Орнату» бөлімінде сипатталған.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C және 40 °C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Бөлмелерде коррозияға әкелетін агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы керек.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалану қажет, оны шаңның, ластанудың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыда ақау пайда болса, дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны утилизациялаңыз.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына оны ұлттық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және утилизациялау үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына тапсыруға болады. Бұл өнімді дұрыс утилизациялау арқылы табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс пайдаланбаған жағдайда болуы мүмкін қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиянды болдырмайсыз. Осы өнімді қабылдау және утилизациялау орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығарушы кәсіпорыннан алуға болады.

Техникалық сипаттамасы

Атауы: 360° Mi 2K Pro үйге арналған бейнебақылау IP камерасы
Үлгісі: MJSXJ06CM.
Таза салмағы: 349 г.
Бұйымның өлшемдері: 122 x 78 x 78 мм.
Кіріс: 5 В ⎓ 2 А.
Шолу бұрышы: 110°.
Ажыратымдылығы: 1296р
Диафрагма: F1.4.
Видеокодек: H.265.
Жұмыс температурасы: –10 °C және 40 °C аралығында.
Үйлесімділік: Android 4.4 және iOS 9.0 немесе одан кейінгі нұсқа.
Жад: MicroSD картасы (32 ГБ дейін).
Сымсыз қосылу: Wi-Fi IEEE 802.11a/b/g/n/ac, 2,4 Ггц/5 ГГц; Bluetooth 4.2.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шанхай Аймилэб Тэкнолоджи Ко., Лтд.
Каб. 001A, 11-қабат, 1-корпус, Цзысин шоссесі № 588, Миньхан ауданы, Шанхай қаласы, Қытай. Қытайда жасалған.
Өндірушінің уәкілетті тұлғасы: "Рустон" ЖШҚ.
143441, Ресей, Мәскеу облысы, Красногорск қаласы, Путилково ауылы, Гринвуд территориясы, 17-ғимарат, 1-қабат, 94-бөлме.
Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарка, зд. 12, Казахстан.
Импорттаушы / Қазақстанда шағымдарды қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС ҚАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 12-ғимарат, Қазақстан.
Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:
- "Төменвольттық жабдықтың қауіпсіздігі туралы" 004/2011 КО ТР*;
- "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі" 020/2011 КО ТР.

Тауар "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" 037/2016 ЕАЭО ТР Еуразиялық экономикалық одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өндірілген күні құрылғының қаптамасында көрсетілген.

v.1